



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№28
(2407)
Сенбі
18 сәуір
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ «АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ КӘСІП БАСТАҒАН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Ермаханов Әйтеке би кентіндегі «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несиелер алып, кәсібін бастаған азаматтардың жұмыстарымен танысты.

Аудан басшысы алдымен 2024 жылы бағдарлама арқылы несиелер алып, кәсібін бастаған жеке кәсіпкер Абзал Сағидуллаевтың темір жолу цехында болды.

Жеке кәсіпкер «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 9,2 млн. теңге несиелер алып, бүгінде арнайы тапсырыс арқылы техникаларға қажетті темір бөлшектерді жөндеп, темірді кесіп, жонып, тозығы жеткен темір бұйымдарын қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысуда. Қазіргі таңда кәсіпкердің жұмысына сұраныс жоғары. Сондықтан көршілес аудандардан техникалардың бөлшектерін жөндеуге келушілерде бар екен.

Аудан басшысы кәсіпкер Мейрамбек Кеулімжаевтың жылыжайына да барды. Өткен жылы 9,3 млн. теңге несиелер алған кәсіпкер жылыжайда қияр өсіруде. Кәсіпкердің айтуынша жылыжай мамыр айының алғашқы онкүндігінде өнім бермек. 1000-нан астам қияр егілген. Кәсіпкер алдағы уақытта өнім көлемін көбейтіп, жұмысын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Жеке кәсіпкер Асқар Қожаназаров «Автокөліктерге



қызмет көрсету орталығын» ашу үшін 8,1 млн теңге несиелер алып, биыл кәсібін бастап отыр. 1 адамды жұмысқа алған. Орталыққа келгендерге көлік жөндеу, май ауыстыру, автокөліктің электр және электрондық жүйелерін жөндеу қызметтері көрсетілуде.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтардың бірі – Нұрқанат Әбілдаев. Кәсіпкер 2024 жылы 7,0 млн теңге несиелер алып, қаңылтыр бұйымдарын жасау цехын ашқан. Қазіргі таңда кәсіп иесі қаңылтырдан түрлі бұйымдар, көп сұранысқа ие газ мұржасын жасаумен айналысады. Кәсіпкер 1 адамды тұрақты жұмысқа алған.

Аудан әкімі Алмасбек Ермаханов кәсіпкерлермен

танып, жергілікті жерден өнім шығарып, жаңа жұмыс орындарын ашуға шақырды.

Өз кезегінде кәсіпкерлер мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларға ризашылықтарын білдіріп, алдағы уақытта кәсібін кеңейтудегі жоспарларымен бөлісті.

Айта кету керек, 2023 жылдан бастап Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Ауыл аманаты» бағдарламасын қаржыландыру басталғалы ауданда 170-тен астам азамат өз ісін бастап, аудан экономикасының дамуына үлесін қосып келеді.

Аудан әкімі Әйтеке би кентінен кейін Қазалы қаласындағы жеке кәсіпкер Нұрбек Кешубаевтың жылыжайына барды. Аталған кәсіпкер мемлекеттік бағдарламалар аясында бірнеше рет несиелер алып, 2011 жылдан бері жылыжай кәсібімен айналысып келеді. Қазіргі таңда жеке кәсіпкердің жылыжайында гүл көшеттерінің 8 түрі, қияр, қызанақ, қызыл бұрыш, орамжапырақ, басқа да көкөністердің көшеттері отырғызылған. Мұндағы өсірілетін гүлдер мен көкөністердің көшеттері аудан тұрғындарымен қатар көршілес аудандардың да тұрғындарының сұранысына ие.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Хабарландыру

2026 жылдың 24 сәуірі күні сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі. Комиссия отырысының күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралады:

1. Алғашқы медициналық-санитарлық және жедел медициналық көмек туралы.
2. Қазалы ауданы бойынша жаңа өндіріс орындарын ашу бағытында аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің атқарған жұмыстары туралы.
3. Басықара ауылдық округінің кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстары мен алдағы міндеттері

Қазалы аудандық мәслихатының аппараты

Баспасөз - 2026

2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2026 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ

Қазалы ауданының абыз ақсақалы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның құрметті журналисі, мәдениет қайраткері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әлмәмбет Әлішевтің өмірден озғанына биыл 7 жыл толып отыр.

Ағаның бойындағы қанмен келген тектілікті аудан халқы әлдеқашан мойындаған. Қандай мінбелерде де өз ойын ашық айтатын қайраткерлігі көпшілікті тенті ететін. Бастысы, ол алған бетінен қайтпайтын қайсар жан еді. Әділет үшін күресте ешкімнің алдында бас иемейтін. Оны халық «Қазалының айбары» деп бағалайтын.

Әлекеңмен мен 1985 жылдан қызметтес болдым. 14 сәуір ағамыздың туған күні, көзі тірі болғанда 87 жасқа толар еді.

Әлекең ағамыздың кітаптары мен газетте жарияланған көркем очерктерін құмарта оқып, өзімізге үлгі тұтып өскен кейінгі буын журналистер бірге қызмет атқарған жылдары оның қарым-қабілеті мен шығармашылық талантын, ел алдындағы беделі мен қайраткерлік қабілетін айқын сезіндік. Қайсар мінезі мен алғырлығы, аса еңбекқорлығын көзбен көріп, еріксіз мойындадық. Ақылман ағаның өмір жолына да қаныға түстік.

Әлмәмбет Әлішев бала күнінен өмір талқысында шындалып, шымыр болып өсті. Мектеп, ауыл кітапханаларындағы кітаптарды қызығып оқитын ол сабақты да бестік бағаларға бітірді. Оқушы кезінен пікірін ашық айтуға дағдыланған ол мұғалімдерінің назарынан тыс қалған жоқ. Әкесіз өскен баланың соншама қайсарлығы ұстаздарын да таңдандыратын. Оның үстіне әдебиетке құмарлығы талай асуларды бағындыратынына ұстаздар көңілін сендіре түсетін.

1957 жылы №24 Октябрь орта мектебін бітірген жасөспірім жас колхозда шопан болып еңбек жолын бастады. Маң далада шопан отарын қайырып жүріп қиялға берілген талапты жас көкірегіне хатталған, өлеңмен өрнектелген сөз тіркестерін қойын дәптеріне жазып ала берді. Алғашқы өлең шумақтары сол кездегі аудандық «Социалистік жол» газетінде жарияланып, бұл балғын көңілге

шабыт беріп, мақалаларды бірінен соң бірін бұрқыратып жаза бастады. Газетте көлдей-көлдей материалдары басылған соң журналист болуға шыңдап ден қойды. Қайсар жас өз-өзін қамшылады. Талабына сенімі беки түсті. «Алмас қылыш қап түбінде жатпас» дегендей журналистік қадамын 1960 жылы Алматы қаласында шығатын Қазақстан мен Қырғызстанға тарайтын республикааралық «Теміржолшы» газетінде әдеби қызметкер болып бастап, қабілет-қарымын танытқан соң арнаулы тілші қызметіне қабылданды. Алайда жас журналист отбасылық жағдайына байланысты әсем Алматымен қимай қоштасып, туған жерге қайта оралды. Жалындап тұрған жасқа аудандық газет редакциясында орын болмағандықтан аудандық комсомол комитетіне қатардағы нұсқаушы болып жұмысқа тұрды. Тұмысынан алғыр Әлмәмбет аға комсомол қызметінде де сатылап өсе берді. Әйтсе де қолынан қаламы түспеді. 1960 жылы республикалық «Қазақстан пионері» газетінде «Серт» атты алғашқы әңгімесін жариялады. Және осы газет бетінде көрнекті балалар жазушылары: Сейтжан Омаров пен Өтебай Тұр-манжанов әңгімесіне жылы лебіз білдірген соң шығармашылық ізденісін қуанышпен жалғастырды. Соның нақты нәтижесі 1962 жылы 15 мамырда Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінде қазақтың көрнекті ақыны Асқар Тоқмағамбетовтың алғы сөзімен сәт сапар тілеген Әлмәмбет Әлішевтің топтама өлеңдері жарияланды. Шығармашылық қуаттың әсері де болар қарымды журналист келер жылы Қазалы ауданы жастарының жетекшісі болып сайланды. Бұл қызметті үш жыл абыройлы атқарып, Қазалы аудандық «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары қызметіне ауысып, шығармашылық ортасымен қайта қауышты.

Әлмәмбет Әлішевтің шығармашылық бастауындағы күрделі жұмысы Ұлы Отан соғысы кезінде теңдессіз ерлік көрсетіп, Латвия республикасында мерт болған, Кеңес Одағының батыры, жерлесіміз Үрмәш Түктібаевтың өмірі мен жауынгерлік жолын көз майын тауыса ұзақ жыл зерттеп, кейбір құжаттарда «Орман Түйтебаев», «Орман Тоқтыбаев» болып қате жазылған батырдың



аты-жөнін қалпына келтіріп, Латвияға өзінің жеке қаржысы есебінен 6 (алты) рет барып, батыр қабірін тауып, сүйегі жат жерде қалған Үрмәш Түктібаевты қайта тірілтіп, туған халқымен қайта қауыштыруы еді.

Батыр жайлы 1969 жылы «Жазушы» баспасынан «Үрмәш Түктібаев» атты кітапты, келер жылы сол баспадан «Батыр болып тумайды» повесін 46 мың данамен шығаруы батырға деген шынайы құрметтің белгісі еді. Атап айтар жағдай жазушының «Батыр болып тумайды» повесін аудармашы Лина Қосмұхамедова орыс тіліне тәржімалап, 1972 жылы повесть латыш тіліне аударылып, Рига қаласындағы «Лиесма» баспасынан латыш тілінде 10 мың данамен басылды. Осы аударма кітап туралы кезінде республикалық газеттер мен журналдарда, одақтық «Правда» газеті мен «Литературная газета» басылымында жылы лебіздер жарияланғанын көпшілік есіне сала кетудің еш артықшылығы жоқ деп ойлаймын.

Жазушының шығармалары жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге ықпалын тигізгенін атап өтуімізге әбден болады. Себебі, талантты жазушының «Үрмәш Түктібаев», «Батыр болып тумайды», «Ат тұяғын тай басар», «Бәйтеректің бұтағы» атты «Жазушы», «Жалын» баспаларынан шыққан төрт кітабы да Ұлы Отан соғысының тақырыбына арналған.

2008 жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен Астана қаласындағы «Фолиант» баспасынан Ә.Әлішевтің екі томдық шығармалары жарық көрді. Алғашқы томда жазушының соңғы жылда-

ры жазған «Иірім» романы мен «Батыр болып тумайды» повесі, екінші томында «Бәйтеректің бұтағы» романы мен «Ой орамдары» әдеби-философиялық толғаулары, эсселері басылған.

Әлекеңнің Қызылорда облысында тұрып, еңбек еткен жазушылармен ақындар арасында Асқар Тоқмағамбетов, Зейнолла Шүкіров, Саид Баязитов, Нәсіредин Серәлиев, ақын Қуаныш Баймағамбетовтен кейін 1974 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке өткен прозаик-жазушы екенін оқырман есіне сала кеткенді жөн көріп отырмыз. Оның жазушылыққа өтуіне Асқар Тоқмағамбетов пен Нәсіредин Серәлиев кепілдеме берген.

Қаламгер аудандық партия комитетінде де бірқатар қызметтер атқарды. Аудандық партия комитеті саяси ағарту кабинетіне басшылық жасады. Үзіліссіз 11 жыл аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болды. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық советтің депутаты ретінде де аудан халқы үшін маңызды істердің шешімі табылуына үлес қосты.

Абыз ақсақалдың кейінгі 34 жылға жуық уақыты тікелей журналистикаға арналды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының ортасынан бастап аудандық басылымға басшылық жасады. Қарымды қаламгер аудан баспасөзін биік деңгейге көтерді. Ел өмірі, қоғам тынысы жайында очерк, эсселер жазып, ой толғады. Қарамағындағы шығармашылық қызметкерлеріне сөзбен емес ісімен де өнеге көрсетті. Қоғамдық

істердің бел ортасында жүрді. Әділеттік үшін арпалысып, ақиқаттың алдаспанына айналды. Халықтың ризашылығын алды.

Арал теңізінің тартылуынан туындаған экологиялық апат зардаптарының аққарасын ашып айтқан жазушының бірегейі Әлішев Әлмәмбет ағамыз болатын. Сөйтіп аймақты экологиялық апат аймағы деп жариялатуға қомақты үлес қосқаны анық. Сол кезде жауырды жаба тоқушылардың Әлекеңді жаратпағаны да рас. Бірақ олардың қай-қайсысы да беделді де қайсар, текті азаматпен бетпе-бет келуден тайсақтайтын. Пікірлерін сырттан айтқандарымен, көзінше именетін, дәлел дәйектерінің жоқтығынан қорғалақтайтын.

Шындығын айтсақ, Әлекең батыл редактор болды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары мен тоқсаныншы жылдарының басында аудандық «Ленин туы» газетінің тиражын 12 мыңға жеткізді. Бұл республикадағы жергілікті қазақ тіліндегі басылымдар арасында жоғары көрсеткіш болатын. Ал, Әлекеңнің тәлімін көрген Балтабай Тәжімбетов, Молдабай Қаржаубаев, Жаңабай Өтегенов, Едіге Кішкенеєв, Раушанбек Сейтенов, Жетіскен Мәкенәлиев, Жүргенбай Өмірбаев, Насифулла Аяғанов, Қасқырбек Мәмбетжанов, Тарғын Қаниев, Сахи Қапаров, Құттыбай Баймаханов, Жұмабек Табынбаев кейін әр салада абыройлы қызметтер атқарды.

Әлекең 2003 жылы жеке аймақтық «Тұран-Қазалы» газетін ашты. Қазір бұл газетке немересі Нұрбол басшылық етіп, басылымды тұрақты шығарып келеді.

Жазушы, публицист ағаның елге сіңірген еңбегі лайықты бағаланды. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен, «Құрмет белгісі» орденімен, «Астана» медалімен, Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасымен, «Тәуелсіздікке 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

2019 жылдың 14 сәуірі күні көрнекті қаламгер, публицист жазушы Әлмәмбет Әлішев ағамыз 80 жасқа толып, мерейтойын аудан жұртшылығы кеңінен атап өткені есімде, сол шарада ағамыздың алшаң басып төрге шыққан сәті әлі көз алдымда.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

«БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТ АМАН БАУЫРЖАН ТОЛЫҚБОЛҰЛЫМЕН ТАНЫС БОЛЫҢЫЗ

Қазалы ауданының дамуына үлес қосуды мақсат еткен азаматтардың бірі — Аман Бауыржан Толықболұлы. Бүгінде ол «Бірлік» ауылдық округінің әкімі лауазымына өз кандидатурасын ұсынып отыр. Көп жылдық тәжірибесі бар маман ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуды көздейтін нақты бағдарламасымен бөлісті.

Бауыржан Толықболұлы 1980 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Ветеринария саласының маманы. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің түлегі. Оның еңбек жолы тікелей туған өлкесімен және ауыл шаруашылығы саласымен тығыз байланысты.

2004 жылдан бастап мемлекеттік ветеринариялық инспекция саласында түрлі жауапты қызметтер атқарды. 2015 жылдан бері «Қазалы аудандық ветеринариялық станциясының» «Бірлік» ауылындағы ветеринариялық

пунктінің меңгерушісі болып жемісті еңбек етіп келеді. Сондай-ақ, ол запастағы аға лейтенант. Тәртіп пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымы еткен жан.

Кандидаттың бағдарламасы «Бірлік» ауылының ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Оның ішінде:

Инфрақұрылымды дамыту:
Ауылдан заманауи үлгідегі спорт кешені мен ауылдық клубты қамтитын біріктірілген ғимарат салу. Сондай-ақ, тозығы жеткен электр бағаналары мен трансформаторларды жаңарту.

Асфальт төселмеген көшелерге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаражат бөлуді қолға алу.

Жеке инвесторлар арқылы күріш егуді дамыту, мал жайылымы жерлерін кеңейту және су өткізу каналдарын күрделі жөндеуден өткізу.

Тұрмысы төмен отбасыларға демеушілер арқылы көмек көрсету және «Таза Қазақстан» акциясы аясын-

да «Қоламсақ» бағын тазарту, ауылды абаттандыру.

«Менің мақсатым — ауылдастарыма жайлы орта қалыптастырып, ауылдың әлеуетін арттыру. Әрбір мәселенің шешімін тауып, «Бірлік» ауылын гүлденген өлкеге айналдыруға бар күш-жігерімді саламын», — дейді кандидат.

Бауыржан Толықболұлы отбасылы азамат, жары Нұргүл Өндреева ауыл мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Бауыржан ауылдың тыныс-тіршілігін білетін, халықтың мұң-мұқтажына қанық маман.

«Бірлік» ауылының жарқын болашағы үшін таңдау жасайық!

Самигулла МАЛИЕВ,
Аман Бауыржан
Толықболұлының
сенімді өкілі

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

«БІРЛІК» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТ КАЛАМКАС САБИТОВАНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Бірлік» ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Каламкас Кстаубаевна Сабитова өзінің өмірбаяндық жолы мен алдағы жоспарларын сайлаушылар назарына ұсынды. Тәжірибелі маман әрі көпбалалы ана ретінде ол ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуды басты орынға қойып отыр.

Каламкас Сабитова 1980 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Ол мәдениет және білім беру саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен.

Көкшетаудағы Ақан сері атындағы мәдениет колледжін және М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын колледж бен мектептерде бастап, кейіннен мәдениет саласында басқарушылық қызметтер атқарған. 2014 жылдан бері «Қожабақы ауылдық мәдениет үйі» МКҚК директоры қызметін атқарып келеді.

Үміткер Каламкас Сабитовнаның іскерлік қабілетін атап айтуға болады. Ол

ауылдық мәдениет үйінің директоры қызметін атқарғанда ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Өнерлі жастарды ұйымдастырып, түрлі мазмұнды шаралар өткізді. Өзге де қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Ауыл халқы оның іскерлігін айқын аңғарды. Сондықтан Каламкас ауыл округінің әкімі болып сайлана қалса қызметін абыройлы атқаратынына кәміл сенеміз.

Сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары: Кандидат ауылдағы қордаланған

мәселелерді шешу үшін нақты басымдықтарды айқындаған.

Ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу, электр энергиясымен қамтамасыз ету және көшелерді жарықтандыру.

Аз қамтылған отбасыларға мемлекеттік көмектің дер кезінде жетуіне ықпал ету және халықтың тыныс-тіршілігін үнемі бақылауда ұстау.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы жас мамандарды жұмысқа тарту және жастар арасындағы жұмыссыздықты

жою. Мал тұқымын асылдандыру, мал басын бірдейлендіру және жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын жүйелеу.

Елді мекендердің санитарлық тазалығы мен көгалдандыру жұмыстарын жолға қою.

«Ауыл халқының ауызбіршілігін нығайту және тұрақтылықты сақтау – менің басты міндетім», - дейді Каламкас Кстаубаевна.

Ерсаян ОМАРОВ,
Сабитова Каламкас
Кстаубаевнаның
сенімді өкілі

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

ОРМАНЫМЫЗДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН

Әр жылы жаз басталғанда орман өрті болады. Жағылған от, сөнбей қалған шоқтан, кейде найзағайдан да пайда болатын апат. Көктем, күз айларында өрттің қаупі жоғары. Себебі, жайылым иелері, ауыл шаруашылық құрылымдары жыл сайын алқаптарын тазартып, ескі сабан мен қау шөпті өртеу кезінде өрт туындайды. Әсіресе, дауылды күндері от ұшқындары өте қауіпті, қаулаған өртке айналады. Соның кесірінен жақын маңдағы табиғи жолменен өзі өсіп көбейген тоғайлар, әсіресе Сыр бойындағы жиде тоғайлары, бұталы өсімдіктер отқа оранады.

Өңіріміздің орман қорының дені сексеуіл алқаптары. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұруда ерекше роль атқарады. Оларды қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл екпелері егіліп жатыр. Бұл екпелер 20-30 жылда үлкен орман алқабына айналады. Бірақ, бұл бетін аулақ қылсын, өртке өте қауіпті нысандарға айналуы мүмкін.

Табиғатты қорғау- адамзаттың ең маңызды, әрі қажетті міндеттерінің бірі. Сол себепті далада мал бағып жүргенде, автокөлікпен кетіп бара жатқанда темекі тұқылын сөндірмей, жаққан отты өшірмей кетуге болмайды.

Адамдардың өрт қауіпсіздік қағидаларын қатаң сақтауын талап етеміз.

Айтуған МҰХАНОВ,
Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі КММ-нің «Ұялы» орманшылығының басшысы

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ



Жемқорлық - бұл сатып алу деген мағынаны білдіреді. Мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері.

Еліміз үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады.

Ең бірінші кезекте, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жою, оны туындататын себептер мен жағдайларды болдырмау басты парызымыз.

Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің асқынуына ұрындырады.

Сыбайлас жемқорлықтың заманауи жағдайларға бейімделуіне бай-

ланысты онымен күресу тәсілдері үнемі өзгертуді талап етеді. Сыбайлас жемқорлық ауқымы өсе келе, елеулі қауіп төндіреді. Ол азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін бұзады, нәтижесінде тәуелсіз мемлекет ретінде елдің өмір сүруіне қауіп төндіреді. Сондықтан осы әлеуметтік қолайсыз құбылысқа қарсы тұру - мемлекеттің, қоғамның және әрбір азаматтың міндеті.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік таныту сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделік танытуды міндетті санайды.

Әбілғазы ТОМАЕВ,
«Аранды»
ауылдық округінің
әкімі

ЕЛ СЕНІМІ – БАСТЫ МҰРАТ

Қазалы ауданының тумасы, мемлекеттік қызметтің ыстық-суығынан өткен білікті маман Ерлан Асқарович Нұржаубаев бүгінде елигілігі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Оның өмір жолы мен еңбек белестері – туған жерге деген сүйіспеншілік пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Ерлан Асқарович еңбек жолын 2005 жылы «Қожаназар ишан» мешітінде бастап, кейіннен мемлекеттік қызметтің түрлі сатыларынан өтті. Аудандық ішкі саясат бөлімінде әлеуметтанушы, дене шынықтыру және спорт бөлімінде жетекші маман, сондай-ақ, коммуналдық мемлекеттік мекемеде бас маман қызметтерін абыроймен атқарды. 2020 жылдан бастап Қазалы ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы лауазымында жұмыс істеп, аймақтың дамуы мен жұмылдыру дайындығы мәселелеріне тікелей атсалысып келеді.

Ерлан Асқарович тек іскер басшы ғана емес, сонымен бірге өнегелі отбасының тірегі. Әкесі Асқар мен анасы Айымкүлдің тәрбиесін көріп өскен ол, бүгінде жары Назира екеуі бес перзент тәрбиелеп отырған ардақты әке.

«Адал еңбек – абырой биігі» деген ұстанымды ту еткен Ерлан Нұржаубаевтың алдағы жоспарлары да ауқымды. Оның мемлекеттік қызметтегі жинақтаған мол тәжірибесі алдағы уақытта халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және туған ауылының гүлденуіне бағытталатыны сөзсіз.

Ерлан Асқаровичтың бағдарламасына зер салсаңыз, оның халықпен жұмыс істеуге ынтыласын анық байқайсыз. Ерланның бағдарламасында «Ауыл халқының ауызбіршілігін нығайтуға, елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтауға, ауылдық округ тұрғындарымен үнемі тығыз байланыста болып, олардың мүдделері мен ұсыныс-пікірлерін, өтініштерін Заңнама аясында жоғарғы өкілетті органдарға, құзырлы мекемелерге жеткізуге және олардың орындалуына тікелей атсалысамын» дейді. Демек, тәжірибелі маманның егер әкім болып сайлана қалса өз міндетін аброймен атқаратынына сенім білдіреміз.

Бақыткул КЕРІМБАЙ,
Нұржаубаев Ерлан
Асқаровичтың
сенімді өкілі
Қаржысы облыс бюджетінің
қаражатынан төленді

● Хабарландыру

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

2026 жылғы 19 сәуір күні сағат 09:00-ден бастап аудан аумағындағы тарихи-мәдени орындарда, кесенелер мен зираттарда тазалық жұмыстары ұйымдастырылады. Ата-бабамыздан қалған киелі мұраларды қастерлеу – әрбір азаматтың парызы. Баршаңызды осы игі іске белсенді қатысып, туған жеріміздің тазалығы мен көркеюіне өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз!

«Өліге құрмет – тіріге міндет» деген сөздің мәнін ұмытпай, ата-баба жатқан жерлердің тазалығын сақтауға бірге атсалысайық. Бірлікпен атқарылған іс – берекелі болмақ!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
күәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.